

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

---

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VRY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

---

<https://doi.org/10.48081/AHDL2386>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шоқубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

**\*Д. Н. Тлепберген<sup>1</sup>, А. Ш. Акжигитова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Д. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

## **ТІЛ САЯСАТЫ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

*Берілген мақалада тіл саясаты мен тілдік жоспарлау мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеулерге аналитикалық шолу жасалды. Шетел және Қазақстан ғалымдарының қазіргі әлеуметтік лингвистикалық, тарихи, демографиялық, саяси және экономикалық факторлар контекстінде баяндалған тіл саясаты мәселелері жайлы ғылыми еңбектері талданып, зерттеу нәтижелерінің ұқсастықтары, айырмашылықтары және негізгі тенденциялары аталды. «Тіл саясаты» ұғымы және оның қазіргі интегративті процесстер жағдайындағы мәні айқындалған. Тіл саясаты қоғамдағы және мемлекеттегі тіл мәселелерін шешуге бағытталған нормалардың, идеологиялық принциптердің және практикалық шаралардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Тіл саясаты мәселесін зерттеудің өзектілігі бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, жаһандану үдерістерінің қоғамға, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық құрылымына, оның тілдік ландшафтына әсерін есепке алмай, қазіргі уақытта тіл саясатын жүзеге асыру тәжірибесін зерттеу жеткіліксіз болып отыр. Екіншіден, Қазақстанның тіл саясаты туралы зерттеулер көп жағдайда қазақ және орыс тілдерінің өзара әрекеттесуін және олардың қоғамдағы ролін зерттеуге бағытталса, ағылшын тілін енгізу тақырыбы негізінен педагогика тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада тіл саясаты мен тілдік жоспарлаудың маңызды компоненттерінің бірі болып табылатын «тілдік кеңістікке» сипаттама беріліп, тіл мамандарының жүргізген зерттеулері жөнінде айтылған.*

*Кілтті сөздер: тілдік жоспарлау; қостілділік; көптілділік; тілдік идеология; тіл мәселелері; тілдік кеңістік.*

## **Кіріспе**

Мемлекеттегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық және халықаралық қатынастардың үйлесімді дамуы – дұрыс жоспарланған тіл саясатына тікелей байланысты. Тіл саясаты – мемлекеттің ұлттық саясатының маңызды құрамдас бөлігі. Ол қоғамдағы тілдік және саяси ахуалға, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация мен лингвомәдени жағдайға тікелей әсер етеді. Тіл мен қоғамның өзара байланысын айқындайтын тіл саясаты мәселесін зерттеу – әлеуметтану, тарих, философия, этнология, сонымен қатар, әлеуметтік лингвистика салалары үшін өзекті болып отыр.

Тіл саясаты – тілдік дамуға қоғамның саналы ықпал етуінің теориясы мен тәжірибесі, яғни, қолданыстағы тілдерді белгілі бір мақсатта және ғылыми негізде басқару, сонымен қатар тілдік жаңа қарым-қатынас құралдарын жасау болып табылады.

Тақырыпты кеңінен ашу үшін шетелдік (E. Haugen, R. Cooper, W. Fishman, O. Garcia, E. Shohamy, B. Spolsky, T. Ricento, G. Schiffman, N. Hornberger, R. Kaplan, R. Baldauf, B. Kachru, A. Zabrodska), Ресейлік (А. Д. Швейцер, В. М. Алпатов) және Қазақстандық (Э.Д. Сулейменова, М. К. Исаев, Ж. С. Смагулова, Б. Х. Хасанов, Н. Ж. Шаймерденова, Ш. К. Жаркынбекова, А. Ш. Ажжигитова) ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Еңбектерді талдау барысында тіл саясаты мен тілдік жоспарлау бойынша зерттеу аспектісінің кеңейе түскендігін, сондай-ақ, ғалымдар арасында қызығушылық пен алаңдаушылықтың қатар артқанын аңғардық.

Аталған жұмыстар тіл саясатының қазақстандық моделін одан әрі талдау үшін тіл саясатының қызметтерін зерделеуге және тіл саясаты мен тілдік жоспарлау ұғымдарының ара қатынасын белгілеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тіл саясаты түсінігінің бірқатар анықтамалары көрсетіліп және күрделілігі жөнінде айтылады.

## **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу материалы ретінде Қазақстандық және шетелдік тіл білімі саласы ғалымдарының ғылыми зерттеулері алынды. Зерттеу жұмысының барысында ғылыми еңбектер талданып, зерттеу нәтижелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары сараланды және негізгі тенденциялар айқындалды.

Зерттеу жұмысында ғылыми теориялық еңбектерді сұрыптау, жалпылау-жалқылау әдістері, дескриптивті талдау және алынған нәтижелерді сапалық талдау әдістері пайдаланылды.

## **Нәтижелер және талқылау**

«Тіл саясаты» ұғымының ауқымы кең болғандықтан, шетелдік, Қазақстандық лингвистикалық еңбектерде аталмыш ұғымның мағыналық әралуандығы кездеседі.

Э. Д. Сулейменованың Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде берген анықтамасы бойынша, тіл саясаты – мемлекеттік саясаттың бұлжымас бөлігі; тілді жоспарлау субъектілерінің (мемлекеттік билік, әлеуметтік топтар, элита, халықаралық ұйымдар, партиялар, таптар және т.б.) саналы және нысаналы ықпалының теориясы мен практикасы; қолданыстағы тілдердің жұмсалыуына, қарым-қатынастың жаңа тілдік құралдарына мақсатты, әрі ғылыми негізделген басшылық жасау [1, 296].

Тіл саясаты, М. Исаевтың пайымдауы бойынша, қоғамның тілдік өміріндегі процестерге белсенді түрде әсер етуге арналған мемлекеттің заңнамалық актілерінің, теориялық тұжырымдамаларының, нұсқауларының жиынтығы [2].

Б. Спольскидің (B. Spolsky) сипаттауынша, тіл саясаты өте ауқымды, бірақ оны үш құрамдас бөлікке жіктеу арқылы қарастыруға болады: тіл тәжірибесі – лингвистикалық репертуарды құрайтын алуантүрлілік арасында таңдаудың әдеттегі үлгісі; тілдік идеология – тіл және оның қолданылуы туралы идеялар; және кез келген тілдік араласу, жоспарлау немесе басқару арқылы осы тәжірибені өзгерту немесе оған әсер ету әрекеті [3, 22].

Т. Рисенто (T. Ricento) атап өткендей, тіл саясаты мемлекеттік немесе басқа да институционалдық мекемелердің ресми және бейресми әрекеттерін зерттеп қана қоймайды, сондай-ақ тілдің қолданылуы, ассимиляциясы және мәртебесі тұрғысынан қоғамдық қатынастар мен тәжірибеге өз әсерін тигізген және әлі де ықпалын тигізіп келе жатқан тарихи-мәдени оқиғалар мен процестерге назар аударады [4].

Каплан мен Балдауф болса (1997) жоспардан тыс тіл саясаты мен тілдік жоспарлаудың әр уақытта да болатынын өзгелерден әлдеқайда бұрынырақ аңғарған [5]. Бұл Хорнбергердің «*Indigenous Literacies in the Americas: Language Planning from the Bottom Up*» атты еңбегінде де ашылып талданған (1996). Автордың аталмыш еңбекте «төменнен жоғарыға қарай» (bottom-up) тіркесін қолдануы тіл саясатының әр кезде жоғарыдан төменге (top-down) бағыттала бермейтінін аңғартады [6].

Тіл саясатының анағұрлым серпінді бейнесі соңғы уақытта этнографиялық зерттеулерде көрініс тауып келеді (Hornberger and Johnson, 2007, Johnson, 2009; McCarty, 2011). Тіл саясатына негізделген көптеген зерттеулер тілді күрделі құрылымдар жүйесі ретінде ғана емес, сонымен қатар, жүзеге асырылған тәжірибелердің жиынтығы ретінде қарастырады (Becker, 1995). Осылайша, тіл саясаты тілдік қатынасты, қолдануды және тілдік басқаруды, көптілділік пен транслингвизм ұғымдарын қамтитын болған (García, 2009). Транслингвизм – көп тілді меңгерген тұлғаның тілдік әлеуетін бір ғана тілге бағыттауға тырыспай, басқа да тілдерді барынша орымен қолдану болып табылады.

Тіл саясатының теориялық негізі «тілдік жоспарлау», «тілдік құрылыс», «тілдік инженеринг», «тілдік модернезация», «тілдік реттеу», «тілдік менеджмент» және «транслингвизм» сынды ұғымдармен тікелей байланысты. Аталған терминдердің ішінен зерттеу жұмысымыз үшін едәуір маңызы бар ұғымдарды қарастырайық.

Тілдік жоспарлаудың бірқатар анықтамасы болса да, американдық ғалым Р. Купер бұл ұғымның негізгі мағынасын барынша анық жеткізген. 1989 жылы Роберт Купер өзінің «Language Planning and Social Change» атты кітабын жарыққа шығарады. Ғалымның еңбегі «Адамдардың мінез-құлқына қандай белгілер әсер етеді және қандай мақсатта әсер етеді, қандай жағдайларда, қандай құралдармен әсер етеді деген сұрақтардың айналасында құрыла отыра, сонымен қатар қоғамдық өзгерістер қандай шешімдердің нәтижесі арқылы туындайды» – деген сұрақтарға да жауап іздейді. Купер тілдік жоспарлау мәнін жай сипаттау форматында қарастырған жоқ, керісінше анағұрлым ауқымды түрде, әлеуметтік әрекеттер тұрғысынан пайымдады. Купердің пікірінше, тілдік жоспарлау үкімет пен Француз академиясы сияқты беделді органдардың қолында ғана емес, сонымен қатар оған жеке тұлғалар да (Израильдегі иврит тілінің қайта жандануы жағдайында Бен Йехуда сияқты), топтар мен қауымдастықтар да тікелей әсер ете алады деп есептеді [7, 31].

Ғалымның сипаттауынша, тілдік жоспарлау КІМ жоспарлайды, НЕ жоспарланады, КІМ ҮШІН, ҚАЛАЙ және НЕГЕ жоспарланады деген сұрақтардың аясында қарастырылады [7, 29].

Э. Д. Сулейменова тілдік жоспарлаудың негізгі мақсаты – тілдің қолданысын өзгерту (тіл мәртебесін жоспарлау), тілдің құрылымын реттеу (тіл корпусын жоспарлау), тілді меңгеру үшін жағдайлар жасау және саяси, білім, экономикалық, қоғамдық және лингвистикалық институттар арқылы тілдің мемлекет аумағында, мемлекет шекарасынан тыс жерлерде таралуына жағдайлар жасау (тіл таралуын жоспарлау) деп айқындайды [8, 46].

Э. Д. Сулейменова мен Н. Ж. Шаймерденова «тілдік басқару» және «тілді жоспарлау» терминдерін синонимдер ретінде қарастыра отырып, «тілдік басқару – тілдердің функционалдық жағдайын оңтайлы өзгертуге бағытталған мемлекеттік шаралар кешені: сөздік қорды толықтыру, терминология салаларын жетілдіру, стандарттау және кодификациялау жұмыстары» деп толықтырады [9, 13].

Э. Д. Сулейменова тіл саясатының келесі үш түрін айқын ажыратып көрсетеді: вернокулизация, монолингвизм, мультилингвизм [10, 34].

Тіл саясатының алғашқы түрі жергілікті (титулдық) тілдің қызметін қалпына келтіріп, оны мемлекеттік, ресми тіл деп жариялау идеясына негізделген. Вернакулизация тәуелсіздік алған елдерде немесе тілді

мемлекеттілік нышандарының бірі ретінде қолданатын жаңадан құрылған мемлекеттерде қолданылады.

Қазақстандағы вернокулизация идеологиясы мен саясатына бірқатар себептер түрткі болды: орыстандыруға (тілдік жаһандандудың кеңестік нұсқасы) және титулды ұлт тілін ұлттандыруға қарсылықпен қатар, қазақ тілінің барлық коммуникативті салаларда нақты жаңғыруы (language revival) және қазақ тілін білу/білмеу бойынша бөлінген қазақ этносының қайта бірігуі жайлы ойлар да маңызды болды. Осылайша, Қазақстандағы вернакулизация саясаты оны жүзеге асырудың басынан бастап қазақ тілінің өміршеңдігін күшейту саясатына айналды және сол арқылы монолингвизм саясатымен терең және органикалық идеологиялық байланысты тапты.

Тілдік идеологиясы мен монолингвизм саясаты басым мемлекеттерде тек бір тіл ғана ұлттық болмыспен тікелей байланысты және әрбір азамат өзінің ұлтына қарамастан мемлекеттің негізгі тілін меңгеруге міндетті деп есептеледі. Сонымен қатар, монолингвизм идеологиясы тілдердің теңдігі идеясына бағытталған және кез келген тіл ұлттық, ресми, мемлекеттік бола алатындықтан барлық функцияларды атқара алады деген жаңсақ пікірге негізделген.

Мультилингвизм (көптілділік) деп нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш немесе одан да көп тілде сөйлей білуді айтады. Бұл тек бірнеше тілде сөйлеу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар бірнеше өркениеттің мәдени құндылықтарын бойына сіңірудің және ашық қарым-қатынас жасаудың ерекше түрі [10, 36].

Қостілділік пен көптілділік – әлеуметтік құбылыс, дәлірек айтсақ, әлеуметтік қажеттіліктің нәтижесі. Осы орайда Н. Шаймерденованың «қостілділік қазақ зиялыларының бірнеше ұрпақ бойы орыс тіліне, сол арқылы еуропалық мәдениетке ден қойғандығынан ғана емес, орыс тілі қазақ мәдениетін басқа тілдерге жеткізуші ретінде қызмет еткені үшін қажет. Бұл өз алдына орыс тілін екінші қосымша қарым-қатынас құралы ретінде сақтаудың ең маңызды дәлелі болып табылады» деген пікірі лингвистер тарапынан қызу талқылаудың негізіне айналып үлгерді [9, 86].

Б. Хасанұлы «Социально-лингвистические проблемы функционирование казахского языка в Республике Казахстан» атты еңбегінде қазақ тілінің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін, тілдік ахуалды, тіл мен қоғам байланысын, көпұлтты мемлекеттердегі тілдердің дамуы мен қызмет етуінің жалпы теориясын және Қазақстандағы қостілділік мен көптілділік мәселелерін қарастырады.

Ғалым елімізге тән қазақ-орыс қостілділігін былайша сипаттайды: «Қазақ-орыс билингвизмі – бұл көпұлтты қоғамда қазақтардың ана және орыс тілдерін өз ішінде және ұлтаралық қатынаста ауыспалы немесе қатар қолдануы. Б. Хасанұлы қазақ-орыс қостілділігінің пайда болуының

әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи және этнолингвистикалық шарттарын ашып көрсетуге, оның даму кезеңдерін қадағалап, қазіргі жағдайын сипаттауға ұмтылған [11].

Қазақстандағы қазіргі тіл саясаты республикадағы әлеуметтік-демографиялық және тілдік күрделілікті көрсетеді. Бір жағынан, Қазақстан үкіметі қазақ тілін тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі ретінде бекітуге бағытталған қазақшаландыру саясатын жүргізуде. Екінші жағынан, үкіметтің орыс және басқа тілдерді қолдауға бағытталған көптілділік саясаты. Оған қоса, ағылшын тілінің Қазақстандық қоғамға жылдам енуі үкіметтің Қазақстанды аймақтық және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілетті елге айналдыру амбициясымен көптілді идеологияны қабылдауға тура келгенін де айтып өткен жөн.

Ж. С. Смагулова «Language Policies of Kazakhization and Their Influence on Language attitudes and Use» мақаласында қазіргі әлеуметтік лингвистикалық жағдай мен тарихи, демографиялық, саяси және экономикалық факторлар контекстінде Қазақстандағы тіл саясатына жан-жақты шолу жасаған. Ғалым ресми қазақшаландыру саясатының алдында тұрған қиындықтарды атап көрсетіп, қазіргі Қазақстанның әлеуметтік лингвистикалық жағдайын түсіну үшін жүргізген кең ауқымды сауалнамасының нәтижелерін талдайды [12].

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қазақ тілін білу және оны қолдану жас респонденттер, атап айтқанда, қала тұрғындары мен табысы жоғары адамдар арасында өсіп келе жатқанын аңғаруға болады. Аталған деректер қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп, әлеуметтік беделі артып келеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Алайда респонденттер қазақ тіліне қызығушылық танытқанымен, әлеуметтік, білім беру, экономикалық және ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін орыс тілінен бас тартуға әлде де дайын емес. Сауалнама жауаптарына сәйкес, лингвистикалық репертуардың өте құнды құрамдас бөлігі ретінде саналатын ағылшын тіліне де қызығушылық артып келеді. Жалпы, сауалнама деректері бойынша Қазақстанда көптілділік идеологиясы басым деген қорытынды жасауға болады: респонденттердің басым бөлігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу қажеттігіне сенетінін айтқан.

Ғалымның пайымдауынша, әлеуметтік өзгерістердегі құрылымдық факторлардың рөлін түсіну үшін біз ірі әлеуметтік топтар мен жеке субъектілердің өзара әрекетіне назар аударуымыз керек. Сауалнамаларда адамдардың жеке пікірі ескеріліп, әрбірінің бөлек жауап беретініне қарамастан, сандық әдіс респонденттерді жеке талдау бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік бермейді. Көрсеткіштерге ғана назар аударылып, адамдардың жергілікті тәжірибесі есепке алынбайды, олар көп жағдайда ескеріле бермейді. Бұған қоса, сауалнамалар күнделікті өмірде тілді



таңдаудың, кодты ауыстырудың, кодты араластырудың және стильдік ерекшеліктердің күрделілігін есепке алмай, тіл әрекетін жүйелі және тұрақты нәрсе ретінде қарастырады. Сондай-ақ олар тілді менгерудің күрделі сипатын біртұтас, біркелкі құбылыс ретінде қарастыру арқылы көмескілендіріп жібереді; ал қандай да бір тілде сөйлейтіндердің ауызекі сөйлеу дағдысы мен сауаттылығы тақырыпқа, стильге, жанрға, жағдайға байланысты болатыны тағы да ескерілмейді.

Осыдан сауалнама нәтижелері тілдің өзгеруі жайлы елеулі ақпарат бермейтіндігі, ол жай ғана қоғамдағы өзгерістерді көрсететіні белгілі болды. Адамдардың нақты тілді қолдануында өзгерістер бар-жоғын білу үшін сандық және есеп деректерімен қатар, әртүрлі контексттерде жиналған сапалық және этнографиялық деректермен толықтырылған мәліметтер қажет.

Ж. С. Смагулова өзінің «Language, identity and conflict» мақаласында Қазақстандағы тілдік қақтығыстың табиғатын және ашық этнолингвистикалық қақтығыстың алдын алатын тұрақтандырушы факторларды ашып баяндаған. Сонымен қатар, Қазақстандағы қазақ, орыс және басқа тілдердің динамикасын жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін тілдік жоспарлаудың кейбір мәселелерін де көрсетеді [13].

Сонымен қатар, мемлекетіміздің тіл саясатының, тілдік жоспарлау саясатының маңызды компоненттерінің бірі – ұлттық ономастика. Қазақстанның заманауи ономастикалық кеңістігі – белсенді дамып келе жатқан құрылым. Ономастикалық кеңістікті лингвистикалық сипаттау мәселелеріне арналған қазіргі зерттеулер «тілдік ландшафт» (linguistic landscape) терминіне көбірек бет бұруда.

«Тілдік ландшафт» термині негізінен әртүрлі белгілерді, нұсқауларды, бағыттарды, кітап атауларын, ғимараттардың атауларын, интернет тілін және т.б. зерттеу объектісі ретінде қарастыратын еңбектердің пайда болуымен белсенді түрде қолданыла бастады. Бұл терминді алғаш рет Р. Лэндри (R. Landry) мен Р. Борхис (R. Bourhis) қолданып, тілдік ландшафтты белгілі бір аумақта лингвистикалық кеңістікті қалыптастыру үшін біріктірілген жалпыға ортақ жол белгілерінің, жарнамалық билбордтардың, көше атауларының және үкімет ғимараттарындағы қоғамдық белгілердің тілдік жүйесі ретінде ұсынған еді.

Лингвистикалық ландшафт мәселесіне арналған еңбектерді талдау барысында, көрнекі жазулардың небәрі бір тілде ғана болуы елдегі белгілі бір тілдің үстемдігін аңғартса, ал сәйкесінше бірнеше тілдегі жазулардың болуы екі тілді немесе көптілді тілдік органы көрсететінін байқадық.

А. Н. Забродская Эстониядағы Таллин қаласының тілдік ландшафтын зерттеумен айналысады. Мемлекетте ұлттық тіл саясаты орыссыздандыруға және эстон тілін қоғамның барлық салаларында, соның ішінде лингвистикалық ландшафтта ілгерілетуге бағытталған. Ғалымның зерттеу нәтижелеріне

байланысты тіл инспекциясы талаптардың сақталуын қадағалайтын және заң бұзушылықтар үшін айыппұл салатынына қарамастан, дүкен иелері азшылық пен көпшілік тілде сөйлейтіндердің назарын аудару мақсатында орыс және басқа тілдерді пайдалана отырып, біртүлділікке бағытталған эстон саясатына қарсылық көрсетеді [14].

Сонымен қатар, Таллин қаласындағы тілдік ландшафтты зерттеу барысында А. Н. Забродская Таллин университетінің тіл мамандығы студенттерінен көптілді маңдайшаларға деген көзқарастары жайында сұхбат алады. Ғалым ана тілінде сөйлейтін эстон студенттерінің көзқарастары эстон тілін қолдайтын ұлттық саясатқа сәйкес келетінін, әрі көптілді жазуларға, атап айтқанда, орыс немесе орыс-эстондық маңдайшаларға жалпы теріс көзқараспен қарайтындығын анықтайды. Ал қостілді студенттер көптілді маңдайшаларға оң көзқараспен қарап, әрі мұндай жазулардың кеңірек аудиторияға жетуге мүмкіндік беретінін атап өткені айтылады.

Әлеуметтік, тарихи және саяси контекст пен тіл арасындағы экологиялық қатынасқа байланысты тіл саясаты әртүрлі бағытта әрекет етеді. Заманауи жаһандық әлем технология арқылы әлі де тіл саясатының әртүрлі МОДЕЛЬДЕРІН жасауда.

### **Қорытынды**

Тіл мен саясат – өзара тығыз байланысты категориялар. Тіл – саясаттың әрі нысанасы, әрі құралы. Ал саясат – тіл тағдырын шешетін мемлекеттің өзінің ұстанған бағыты мен шаралар жүйесі. Демек, қандай да бір мемлекеттегі тілдердің қоғамдық қызметінің қолданыс аясын кеңейту үшін ауқымды шаралар кешені қажет. Тіл саясаты мәселесінің негізгі тенденциясы да – сол, жан-жақты ойластырылған, оңтайлы тілдік ахуал қалыптастыру.

Кез келген тіл – тірі организм іспеттес, өмір сүреді, дамиды не жер бетінен жойылады. Оған әсер етуші факторларды анықтау мен алдын алу шараларын үйлестіру – зерттеу жұмыстарының тиімділігімен байланысты болмақ. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесі бойынша тіл саясатын жүйелеу барысында туындайтын теориялық мәселелердің практикалық шешімі ретінде:

- ұлттық-тілдік қатынастардың жаңа парадигмасын құру;
- ғылыми социологиялық және психоллингвистикалық зерттеулер базасын кеңейту;
- қарым-қатынаста нақты қолданылатын тілді есепке алу;
- қостілді қарым-қатынас тәжірибесіне көңіл бөлуді ұсынамыз.

Зерттеу мақаламызда көрініс тапқан транслингвизм, билингвизм, тілдік қақтығыстар, тілдерді дамыту механизмдері, ономастикалық кеңістік пен тілдік ландшафт ұғымдары бір-бірін толықтырушы сипатқа ие. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шетелдік және Қазақстандық әлеуметтік лингвистикалық еңбектерде тіл саясаты, тілдік жоспарлау,

ұлттық қостілділікті бағалауды қайта қарау сияқты мәселелер жан-жақты талқыланып, ғалымдар тарапынан алаңдаушылық туғызуда. Себебі тілдік жоспарлау немесе тіл саясаты мәселесі – кез келген мемлекет айналып өте алмайтын құбылыс. Ол, әсіресе, бір әкімшілік аумақта әр түрлі тілдер өмір сүргенде пайда болады.

Осы ретте кез келген мемлекет әр түрлі жағдайға байланысты туындауы мүмкін өзекті мәселелерді анықтап, бүгінгі күні барлық мәдени әртүрлілік пен тілдік плюрализмді жоғалтпау үшін тіл саясатын жақсырақ жүргізе бастауы маңызды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Сүлейменова, Э. Д.** Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. – Астана : «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 394 с.

2 **Исаев, М. И.** Языковое строительство в СССР. – М. : Наука, 1979. - 352 с.

3 **Spolsky, B.** Language Policy. Key topics in sociolinguistics. – Cambridge : Cambridge University Press, 2004. – 250 p.

4 **Ricento, T.** Historical and theoretical perspectives in language policy and planning // Journal of sociolinguistics.– 4. – 2000. – P. 196–213.

5 **Kaplan, R. B. Baldauf, R. B.,** Language Planning : From Practice to Theory. Multilingual Matters, Clevedon, UK, 1997. – 299 p.

6 **Hornberger, N.** Indigenous Literacies in the Americas : Language Planning from the Bottom Up. Mouton de Gruyter, Berlin 1996. – 329 p.

7 **Cooper, R. L.** Language Planning and Social Change Cambridge.. Cambridge University Press, 1989. – 229 p.

8 **Сүлейменова, Э. Д.** Языковые процессы и политика : монография. Алматы : Казак университеті, 2011. – 117 с.

9 **Шаймерденова, Н. Г.** Языковая ситуация в Казахстане и проблемы перевода // Языковые проблемы перевода. Алматы, 1996. – С. 86–87.

10 **Сүлейменова, Э. Д., Смагулова, Ж. С.** Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. – Алматы : Казак университеті, 2005. - 344 с.

11 **Хасанов, Б. Х.** Социолингвистические проблемы функционирования казахского языка в республике Казахстан: Автореф. дис. док. филологических наук. – Алматы. 1992. – 50 с.

11 **Smagulova, J.** Language Policies of Kazakhization and Their Influence on Language attitudes and Use // Multilingualism in Post-Soviet Countries, 2008. – P. 166–201.

12 **Smagulova, J.** Language, identity and conflict // The European Journal of Social Science Research, 2006. – P. 303–320

13 **Zabrodskaia, A.** Monolingual from above and multilingual from below International Journal of the Sociology of Language, Tallinn, 2014. – P. 105–130.

## REFERENCES

1 **Suleimenova, E. D.** leumettik lingvistika terminderinin sozdigi. Slovar sociolingvistichestkih terminov [Dictionary of sociolinguistic terms] – Astana : «Arman-PV» baspasy, 2019. – 394 p.

2 **Isaev, M. I.** Yazykovoe stroitel'stvo v SSSR [Language construction in the USSR]. Moscow : Nauka, 1979. – 352 p.

3 **Spolsky, B.** Language Policy. Key topics in sociolinguistics. Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 250 p.

4 **Ricento, T.** Historical and theoretical perspectives in language policy and planning // Journal of sociolinguistics. 4. – 2000. – P. 196–213.

5 **Kaplan, R. B. Baldauf, R. B.,** Language Planning : From Practice to Theory. Multilingual Matters, Clevedon, UK, 1997. – 299 p.

6 **Hornberger, N.** Indigenous Literacies in the Americas : Language Planning from the Bottom Up. Mouton de Gruyter, Berlin 1996. – 329 p.

7 **Cooper, R. L.** Language Planning and Social Change Cambridge University Press, 1989. – 229 p.

8 **Suleimenova, E. D.** Yazykovye processy i politika [Language processes and politics]. – Almaty : Kazakh University, 2011. – 117 p.

9 **Shaimerdenova, N. G.** Yazykovaya situaciya v Kazahstane i problemy perevoda [Language situation in Kazakhstan and problems of translation]. Yazykovye problemy perevoda [Language problems of translation] – Almaty, 1996. – P. 86–87.

10 **Suleimenova, E.D., Smagulova, Zh.S.** Yazykovaya situaciya i yazykovoe planirovanie v Kazahstane [Language situation and language planning in Kazakhstan], Almaty : Kazakh University, 2005. – 344 p.

11 **Khasanov, B.Kh.** Sociolingvistichestkie problemy funkcionirovaniya kazahskogo yazyka v respublike Kazahstan : aftoreferat dis. doktora filologicheskikh nauk [Sociolinguistic problems of the functioning of the Kazakh language in the Republic of Kazakhstan : abstract of Doctor of Philological Sciences thesis] – Almaty, 1992. – 50 p.

12 **Smagulova, J.** Language Policies of Kazakhization and Their Influence on Language attitudes and Use // Multilingualism in Post-Soviet Countries, 2008. – P. 166–201.

13 **Smagulova, J.** Language, identity and conflict // The European Journal of Social Science Research, 2006. – P. 303– 320

14 **Zabrodskaĵa, A.** Monolingual from above and multilingual from below International Journal of the Sociology of Language, Tallinn, 2014. – 105–130.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

\*Д. Н. Тленберген<sup>1</sup>, А. Ш. Ақжигитова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ

*В данной статье представлен аналитический обзор исследований языковой политики и языкового планирования. Проанализированы научные работы зарубежных и казахстанских ученых по вопросам языковой политики в контексте современных социолингвистических, исторических, демографических, политических и экономических факторов, выявлены сходства, различия и основные направления результатов исследований. Определено понятие «языковая политика» и его значение в контексте современных интеграционных процессов. Языковая политика рассматривается как совокупность норм, идеологических принципов и практических мер, направленных на решение языковых проблем в обществе и государстве. Актуальность изучения языковой политики зависит от нескольких факторов. Во-первых, без учета влияния глобализации на общество, социально-экономическое устройство государства, его языковой ландшафт в настоящее время недостаточно изучать опыт языковой политики. Во-вторых, исследования языковой политики в Казахстане часто сосредоточены на взаимодействии казахского и русского языков и их роли в обществе, тогда как внедрение английского языка рассматривается в основном с точки зрения педагогики. В статье также описывается «языковое пространство», являющееся одной из важнейших составляющих языковой политики и языкового планирования, и исследования, проводимые лингвистами по данной проблеме.*

*Ключевые слова: языковое планирование; двуязычие; многоязычие; языковая идеология; языковые проблемы; языковое пространство.*

\*D. N. Tlepbergen<sup>1</sup>, A. Sh. Akzhigitova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 13.06.22.

## **THEORETICAL FOUNDATIONS AND MODERN TRENDS IN STUDYING THE PROBLEM OF LANGUAGE POLICY**

*This article presents an analytical review of research on language policy and language planning. The scientific works of foreign and Kazakh scientists on the issues of language policy are analyzed in the context of modern sociolinguistic, historical, demographic, political and economic factors, similarities, differences and main directions of research results are revealed. The concept of «language policy» and its meaning in the context of modern integration processes are defined. Language policy is considered as a set of norms, ideological principles and practical measures aimed at solving language problems in society and the state. The relevance of studying language policy depends on several factors. First, without taking into account the impact of globalization on society, the socio-economic structure of the state, its language landscape, it is currently not enough to study the experience of language policy. Secondly, research on language policy in Kazakhstan often focuses on the interaction of the Kazakh and Russian languages and their role in society, while the introduction of the English language is considered mainly from the point of view of pedagogy. Linguistic landscape, which is one of the most important components of language policy and planning, and research conducted by linguists on this issue are described.*

*Keywords: language planning; bilingualism; multilingualism; linguistic ideology; language problems; linguistic landscape.*

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
2,19 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 18,65. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3937

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.  
Электронное издание  
2,19 МБ RAM  
Усл. печ. л. 18,65. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3937

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz